

«КЕЛІСЕМІН»

№9 «Шапағат» бөбекжай-бақшасының

өкілдері:  Н.С.Зулкакова

«БЕКІТЕМІН»

№9 «Шапағат» бөбекжай-бақшасының

менгерушісі:  А.З.Айтжанова

хағтама № 1 «31» тамыз



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары**

Музыка жетекшілері: Кыдырашева А.С.

Кужирова Э.О.

Топ аты: «Балапан» және «Балдырған» кіші топтар  
 Балалардың жасы: 2 жас  
 Жоспар қандай кезеңге құрылған: қыркүйек айы 2022 жыл.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Міндеттері
Қыркүйек	Музыка	<p><b>Музыка тындау:</b> Музыканы тындауға қызығушылықты қалыптастыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
Қазан	Музыка	<p><b>Музыка тындау:</b> Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау.</p> <p><b>Ән айту:</b> Жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына қосылып ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру.</p>

<p><b>Қараша</b></p>	<p><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тындау:</b> Музыканы тындау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. <b>Ән айту:</b> Сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> Қарапайым би қимылдарын орындау: шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу.</p>
<p><b>Желтоқсан</b></p>	<p><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тындау:</b> Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. <b>Ән айту:</b> Әнді жеке және топпен айту. <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> Қарапайым би қимылдарын орындау: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.</p>
<p><b>Қаңтар</b></p>	<p><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тындау:</b> Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу. <b>Ән айту:</b> Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеуді жалғастыру.</p>

<p><b>Ақпан</b></p>	<p><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b>          Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p> <p><b>Ән айту:</b>          Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізуді жалғастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b>          Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету.          Мысалы:(қанатын жайып ұшқан құстар).</p>
<p><b>Наурыз</b></p>	<p><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b>          Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру.</p> <p><b>Ән айту:</b>          Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін айтуға ынталандыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b>          Ойындар мен әндерді сахналау.</p>

Сөуір	Музыка	<p><b>Музыка тындау:</b> Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау .</p> <p><b>Ән айту:</b> Музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.</p>
Мамыр	Музыка	<p><b>Музыка тындау:</b> Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ересектің дауыс интонациясы мен аспапка бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін , музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыруды жалғастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p>

он аты «Балбобек» ортаңғы топ  
 балалардың жасы: 3 жас  
 жоспар қандай кезеңге құрылған: 2022-2023 оқу жыл.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Міндеттері
Қыркүйек	Музыка	<p><b>Музыка тындау.</b>                      Музыкалық шығарманы соңына дейін тындауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b>                      Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b>                      Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.</p>
Қазан	Музыка	<p><b>Музыка тындау.</b>                      Музыкалық шығарманы соңына дейін тындауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйретуді жалғастыру.</p> <p><b>Ән айту.</b>                      Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында .</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b>                      Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.</p>

Қораша	Музыка	<p><b>Музыка тындау.</b> Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p><b>Ән айту.</b> Барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.</p>
Желтоқсан	Музыка	<p><b>Музыка тындау.</b> Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p><b>Ән айту.</b> Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p>

Қаңтар	Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b>  Өртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b>  Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды жалғастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b>  Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p>
Ақпан	Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b>  Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p><b>Ән айту.</b>  Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту) жалғастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b>  Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.</p>

<p><b>Наурыз</b></p>	<p><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тындау.</b> Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.</p> <p><b>Ән айту.</b> Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p>
<p><b>Сәуір</b></p>	<p><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тындау.</b> Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тындауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b> Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауды жалғастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p>

<p>Мамыр</p>	<p>Музыка</p>	<p><b>Музыка тындау.</b> Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қағты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b> Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауды жалғастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>
--------------	---------------	--